



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

для интеграции: близкое географическое расположение (самая длинная в мире общую границу – 7,5 тыс. км, схожие экономический уклад, социо-культурные условия, близкий менталитет населения, наличие схожих экономических проблем после распада СССР, также значительные исторические предпосылки для сближения и т.д.) Можно, не боясь громких заявлений, утверждать, что именно Россия и Казахстан являются локомотивами евразийской интеграции и ее инициаторами. Сегодня особенно важно сохранять добрососедские отношения и укреплять взаимосвязь в ответ на вызовы глобализации и усиление влияния мировых держав. Эксперты считают, что ЕАЭС в перспективе может составить противовес ЕС и возросшему влиянию США. Несмотря на ряд трудностей и опасностей, евразийская интеграция развивается и содержит в себе светлое будущее и благополучие наших стран.

Список использованных источников

1. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. — 2-е изд., испр. М.: ИНФРА-М, 1999. 479 с.
2. Фролова Т.А. Мировая экономика //Конспект лекций. Таганрог: Изд-во ТТИ ЮФУ, 2010.
3. Шадурский В.Г. Интеграционные и дезинтеграционные тенденции на постсоветском пространстве //Веснік БДУ. Сер. 3. 2009. № 1 с. 16-22
4. Евразийский Союз// Геополитика, 26 декабря 2012 г.
5. Пивовар Е.И., Гушин А.В., Левченков А.С. Интеграция на постсоветском пространстве: новый век новые горизонты изучения //Новый исторический вестник – 2013 - № 36, с. 43-51
6. Социально-экономическое развитие постсоветских стран: итоги двадцатилетия. – М.: ИЭ РАН, 2012. – 400 с.
7. О результатах работы и перспективах развития банковского сектора государств-членов ЕвразЭС//Евразийское Экономическое Сообщество [<http://evrazes.com>]
8. Быкова Е. Итоги взаимной торговли государств-членов Таможенного союза в 2012 году// ПРОВЭД – 22.05.2013
9. Казахстан вступил в Евразийский экономический союз// Tengrinews
10. Мулюкова В.А. «Евразийский экономический союз как международная региональная организация» //Евразийский юридический портал (Юридические статьи - Евразийская интеграция), 22.01.2015.

УДК.8.8.1

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ РЕТТЕУ

Мейрамғалиева Д.А.

dina_meiramgalieva.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, туризм кафедрасының студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Д. Жеңісхан

Азық-түлік қауіпсіздігі - барлық адамның әр уақытта физикалық және экономикалық тұрғыдан қауіпсіз азықпен қамтамасыз етілуі. Ол аграрлық және экономикалық саясаттың басты мақсаты болып табылады.

Қазіргі кезде азық-түлікпен қамтамасыз етудің қауіпсіздігі дүние жүзі бойынша өте күрделі мәселе. Сауда-саттықтың жаһандануы салдарынан өзімізде өндірілетін және шеттен әкелінетін азық-түліктің қауіптілігі күшейді. Мәселен, сиырдың құтырық, аусыл аурулары, шошқаның африкалық оба ауруы, құс тұмауы сияқты індеттер азық-түліктер импортталған елдерден келіп таралуы әбден мүмкін. Мал өнімінен өндірілген азық-түліктер ауру туғызатын, тұтынушыларға түрлі зиян келтіретін патогендердің көзі болып саналады.

Кез-келген экономикалық даму үрдісіндегі мемлекеттің басты мақсаты ауыл шаруашылық өндірісін қолдайтын, халқын азық-түлікпен жабдықтауға және азық-түлік тәуелсіздігіне кепіл беретін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі таңда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері, халықты сапалы және қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету нарықтың шырқау шыңына жетіп тұрған кезде өте күрделі және өзекті мәселе болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады. Себебі, бірде-бір мемлекет халықтық сапалы тамақ өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандырмастан, ұлттық, соның ішінде экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары бірқатар мемлекеттік тетіктерді жетілдіруді талап етеді. Қазіргі уақытта тамақ өнімдерінің сапасына мемлекеттік бақылау мен қадағалау функциялары Денсаулық сақтау министрлігінің, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитетінің, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің және ветеринарлық қызмет арасында бөлініп кеткен.

Азық-түлік қауіпсіздігін жоғалту қаупінің болуы төмендегілерді тудырады:

- импорттан, яғни әлемдік аренадағы экономикалық және саяси конъюнктурадан халықты азық - түлікпен қамтамасыз етудің тәуелділігі;
- тамақ өнімдерінде денсаулық үшін түрлі зиянды микроэлементтердің болуынан өнім сапасының төмендеуі.

Азық-түлік қауіпсіздігі-қажетті, тіпті жеке адамның материалдық жағдайы жеткіліксіз болса да, кез - келген адамдар тобы мен қоғам түгелдей оның функциясы мен даму мүмкіндігін - демографиялық, экономикалық, саяси, мәдени, интеллектуалды т.б. анықтайды [1].

Әлем қауымдастығының азық-түлік мәселелеріне деген көзқарасы келесі тенденциялар мен факторларға байланысты қатты өзгерді: біріншіден, әлем халықтарының, әсіресе дамушы елдердің басым (800 млн. адам) бөлігі ашаршылықта өмір сүруде; екіншіден, көптеген шет елдерде ауыл шаруашылық өндірісіне кері әсер ететін климаттық өзгерістер болуда; үшіншіден, егіс алқаптары қысқаруда, сумен қамтамасыз ету мәселелері қиындай түсуде, экологиялық қауіптер өсуде.

Көптеген ғалым – экономистер, аграрлық қатынасы дамыған мемлекетте азық-түлік қауіпсіздігі жағдайының қасиеттері келесілер болып табылады деп есептейді:

- жергілікті ауыл шаруашылық өндірісін және ауыл шаруашылық кешенінің басқа да салаларын өмірлік маңызы бар тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету;
- халықтардың қажеттіліктерін максималды деңгейде қанағаттандыру үшін елдің барлық азаматтарының қажетті тамақ өнімдеріне қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін адам өміріне маңызды азық-түліктерді қажетті көлемде, ассортиментте және сапада өндіру;
- ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешумен бірізгілікте экологиялық тепе-теңдікті бұзбай өндірісті дамыту;
- елдің сыртқы сауда қызметіне оң төлем балансына бағдарлана отырып белсенді қатысуы [2].

Азық түліктің қауіпсіздіктің деңгейіне әсер ететін негізгі факторлардың классификациясы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Негативті факторлар	Позитивті факторлар
Азық-түліктің қауіпсіздіктің деңгейін қамтамасыз етудегі осал нормативтік құқықтық база	Тұрақты нормативтік құқықтық базаны құруы
Инфляциялық процестер, бағалардың тұрақсыздығы	Баға құрылуының тиімді механизмімен дамыту, баға теңдігін жасау
Отандық нарықтың бөлшектері мен	Елге импорттық тауарлардың енгізілуіне

сегменттерінің импорттық тауарлармен толықтырылуы	шектеу
Халықтың өмір деңгейінің төмендеуі	Халықтың жалпы материалдық қамтамасыз етілуінің жоғарлауы.
Ғылыми-техникалық прогресс деңгейінің төмендеуі	Жаңа кіріспелерді дамыту, жаңа техника мен, технологияларды енгізу
Стратегиялық шикізат пен азық-түліктің шет елге шығарылуы	Стратегиялық маңызды шикізаттар мен азық-түліктің тапшы түрлерін шет елге шығаруға шектеу

Азық-түлік тапшылығының жылдан-жылғаартуының бір факторы ретінде халық санының өсуі, соған байланысты тамаққа сұраныстың бұрынғыдан еселеніп артып ортырғаны десек, ал басқа факторы ретінде соңғы кездегі аграрлық сектордың дұрыс жолға қойылмай, кенже қалуы деуге толығымен болады. Мәселен, еліміздегі ауылшаруашық өнімдері 1990 жылы ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 36 пайызын құраған болса, бүгінде бұл көрсеткіш 4 пайыздан асаалмай тұр. Азық-түліктің тек 40 пайызы ғана өзімізде өндіріліп, қалған 60 пайызы шетелден тасымалданады. Демек, бұл жағдайдааграрлық саланың рөлі ерекше [3].

Азық-түлік қауіпсіздігі қай елдің болмасын тәуелсіздігінің, еркін дамуы мен халқының әл-ауқатының артуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңдаауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау арқылы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу өнеркәсібі экономиканың негізгі бір саласы ғана емес, сонымен бірге ол – азық-түлік қауіпсіздігінің де кепілі. Сондықтан да бүгінде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік аграрлық саясатқа ерекше назар аударып, оның алдағы уақыттағы даму көрсеткіштері мен негіздерінің қалай көш түзейтініне болжам жасай отырып, заман талабына сай стратегиялық бағыттарына қажетті өзгерістерді ізденіп, енгізуіміз керек. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің бірден бір бағыты – ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті өрістетуге, шаруа қожалықтарын кеңінен дамыту. Технологияның жедел игерілмеуі салдарынан шикізаттың уақытылы өңделмеуі, жыл бойы жанталасқан шаруалар еңбегінің зая кетіп отырғанының бір көрінісі. Сондай-ақ, бұл жерде тікелей жеткізу жүйесінің дамымауы, яғни сатушы мен тұтынушы арасындағы тікелей сауда жасау жүйесінің жоқтығы да – жиналған өнімнің бекер жарамсыз болып, желге ұшуына себеп. Сондықтан да азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде орны ерекше аталатын агросекторды жан-жақты жоспарлай отырып, дамытудың маңызы мол.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін төмендегі шаралар жасалуы қажет:

- Қазақстанда азық-түлік саласына терең талдау жасап, әр өнім түрі бойынша елімізде өндірілу, сырттан әкеліну көрсеткіштерін есептеу. Бұл ретте азық-түлік түрлерінің өзіндік құны мен бәсекеге қабілеттілігі шарттарын ескеру керек;
- Талдау қорытындысы бойынша әрбір салаға бөлінетін қаржы, әкімшілік, жер, кадр ресурстары мәселелеріне қатысты нақты шешімдер қабылдау және оны орындауда жауапты тұлғаларды бекіту;
- Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін өндірілетін азық-түлік түрлерінің тек қоймаларда есеп беру үшін сақтап қоймай, жоғары сапалы болуын қамтамасыз ету;
- Азық-түлік сапасына зерттеулер жүргізіп, белгілі бір жүйеге келтіру;
- Әр облыс, әр қалада азық-түлік қауіпсіздігі бойынша шағын аймақтық кластерлер құру

[4].

Қорытындылай келе, қазіргі таңдағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі ушығып тұрғанын басып айту керек. Осы мәселеге қатысты әлем қауымдастығының назары ауып, арнайы бағдарламалар, жоспарлар жасалуда. Ең бастысы азық-түлік қауіпсіздігі деген ұғымның түпкі мәнін түсініп, оның қазіргі замандағы халық қауіпсіздігінің басты құраушысы ретінде тану болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі

болып табылады. Өйткені, бірде-бір мемлекет халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпей тұрып, елдің экономикалық, саяси немесе ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес.

Сондай-ақ аграрлық экономиканы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қаржылық қолдауды азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында халықтың тамақ өнімдерінің түрі мен тұтыну көлемін қамту аясында жүзеге асыру. Яғни, қаржыландыру, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруге ғана емес, дайын тағамдар өндіруге бағытталуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұратқызы Қ. Азық-түлік қауіпсіздігі – ғаламдық мәселе. Қазақ газеттері. 11 тамыз 2011ж
2. Сақтаева А.А. Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың негізгі тәсілдері мен механизмдері // «Саясат- POLICY». -№4, Алматы, 2009.
3. Қазақстан Республикасы статистикалық Агенттігі. www.stat.gov.kz
4. Тойбаев Ә.: Азық-түлік қауіпсіздігі ең өзекті мәселеге айналып келеді. 17.01.2014 // Егемен қазақстан газеті.

ИНСТРУМЕНТЫ И СПОСОБЫ ВОЗВРАТА ДОВЕРИЯ К ФИНАНСОВОМУ СЕКТОРУ СТРАНЫ

Наурызбекова Дария Аскарвна

dr_nr_95@bk.ru

Студентка Экономического Факультета, специальность – Финансы, 2 курс,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Л.М. Сембиева

В условиях современной ситуации мировой экономики необходимо укрепить доверие национальных инвесторов, финансовых посредников и населения к финансовому сектору Республики Казахстан, который является основным центром поддержки и оптимизации Национальной экономики нашей страны. На этапе приближения кульминации глобального экономического кризиса данный аспект становится актуальной темой обсуждения, ведь доверие, полученное уже сегодня станет залогом стабилизации экономики, ускорения оборота денежной массы и других активов, следовательно, в будущем мы перейдем с поступательного темпа на форсированный темп развития экономики, что позволит Казахстану выйти из кризиса достойно, а так же повысит стабильность прогрессирующей тенденции аккумуляции финансовых резервов и поступления прямых инвестиций в реальный сектор экономики.

Для решения данной задачи необходимо исследовать современное состояние финансового сектора выявить причины недоверия:

- оценив состояние внешних обязательств государства и банковского сектора;
- рассмотрев состояние финансовых резервов Республики Казахстан и банков второго уровня (БВУ);
- определив возможность повышения гарантий сохранности вкладов по депозитам и пенсионных вкладов, ликвидность и устойчивость существования БВУ;
- изучив динамику прямых иностранных инвестиций как источник развития экономики, через который путем распределения часть общественного продукта национализируется через налоговые и неналоговые поступления;
- проанализировав рынок ценных бумаг (иначе фондовый рынок), активность участия казахстанских компаний и граждан Республики Казахстан.

На основе анализа и выявления причин недоверия к финансовому рынку определить способы и инструменты его возврата.